

**Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекеттердің автокөлік құралдарын жымқыруға қарсы күрестегі және оларды қайтаруды қамтамасыз етудегі ынтымақтастығы туралы келісімді ратификациялау туралы**

Қазақстан Республикасының Заңы 2017 жылғы 15 желтоқсандағы № 117-VI ҚРЗ.

2005 жылғы 25 қарашада Мәскеуде жасалған Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекеттердің автокөлік құралдарын жымқыруға қарсы күрестегі және оларды қайтаруды қамтамасыз етудегі ынтымақтастығы туралы келісім: "Қазақстан Республикасының кеден заңнамасын бұза отырып, кедендік баждар, салықтар мен алымдар төленбей, Қазақстан Республикасының кеден аумағына бұрын әкелінген автокөлік құралдары Қазақстан Республикасына қайтарылған жағдайда, Қазақстан Республикасы өзін Келісімнің 13-бабы 1-тармағының ережесімен байланысты деп есептемейді." деген ескертпемен ратификациялансын.

*Қазақстан Республикасының  
Президенті*

*Н. Назарбаев*

**Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекеттердің автокөлік құралдарын жымқыруға қарсы күрестегі және оларды қайтаруды қамтамасыз етудегі ынтымақтастығы туралы  
КЕЛІСІМ**

Бұдан әрі Тараптар деп аталатын, үкіметтерінің атынан осы Келісімге қатысушы мемлекеттер,

автокөлік құралдарын жымқырудың меншік иелеріне және мемлекеттерге айтарлықтай нұқсан келтіретінін атап көрсете отырып,

жымқырылған автокөлік құралдарының террористік, криминалдық және басқа да құқыққа қарсы әрекеттер үшін пайдаланылуы мүмкін екенін назарға ала отырып,

автокөлік құралдарын жымқырудың трансұлттық сипат алғанына алаңдаушылық білдіре отырып,

автокөлік құралдарын жымқыруға қарсы тиімді күрестің барлық мүдделі тараптардың өзара іс-қимылы негізінде ғана мүмкін болатынын мойындай отырып,

автокөлік құралдарын жымқыруға қарсы күрестегі және оларды қайтаруды қамтамасыз етудегі келісілген шараларды жүзеге асыру қажеттігін сезіне отырып,

жалпыға танылған қағидаттарды және халықаралық құқық нормаларын басшылыққа ала отырып,

**төмендегілер туралы келісті:**

**Ескерту. Кіріспеге өзгеріс енгізілді – ҚР 01.04.2021 № 29-VII Заңымен.**

## 1-бап

Осы Келісімнің мақсаттары үшін мынадай терминдер пайдаланылады:

**автокөлік құралы** - адамдарды, жүктерді немесе оған орнатылған жабдықтар мен тетіктерді тасымалдауға арналған механикалық құрылғы, оның ішінде тіркемелер, жартылай тіркемелер және мотоциклдер;

**автокөлік құралын жымқыру** - Тараптардың ұлттық заңнамасына сәйкес кез келген құқыққа сыйымсыз, қылмыстық жазаланатын автокөлік құралын өтеусіз алып қою немесе иеленіп алу;

**автокөлік құралының сақталуы** - автокөлік құралы табылған, ұсталған, алып қойылған немесе оған тыйым салынған кезде жасалған автокөлік құралын қарап-тексеру хаттамасында көрсетілген сипаттамаға сәйкес келетін жиынтықта оның сұрау салынатын Тараптың орталық құзыретті органының осы автокөлік құралын қайтару туралы шешімі күшіне енген кезге дейін сақталуы;

**тіркеу құжаты** - уәкілетті органдар берген, автокөлік құралын мемлекеттік, оның ішінде уақытша тіркеу туралы құжат;

**автокөлік құралының меншік иесі** - автокөлік құралын иелену, пайдалану және оған билік ету құқықтарына ие жеке немесе заңды тұлға;

**Тараптың орталық құзыретті органы** - автокөлік құралдарын жымқыруға қарсы күресті ұйымдастыру және оларды қайтаруды қамтамасыз ету мақсатында, осы Келісімге сәйкес сұрау салуларды жіберуге, сондай-ақ автокөлік құралдарын қайтару туралы шешімдер қабылдауға немесе автокөлік құралы иесінің оны қайтаруға мүдделі еместігі туралы хабардар етуге уәкілеттік берілген мемлекеттік құқық қорғау органы;

**Тараптың құзыретті органы** - құқық бұзушылық жасалған жағдайда ұлттық заңнамаға сәйкес автокөлік құралдарын жымқыруға қарсы күресті, автокөлік құралын іздестіруді, ұстауды, алып қоюды немесе оған тыйым салуды жүзеге асыруға, сондай-ақ басқа Тараптардың ақпараттық дерекқорларындағы автокөлік құралдары туралы мәліметтерді алуға уәкілеттік берілген мемлекеттік құқық қорғау органы;

**жымқырылған автокөлік құралын қайтару** - сұрау салынатын Тараптың орталық құзыретті органының немесе сот органының шешімі бойынша автокөлік құралын сұрау салушы Тараптың құзыретті органына беру.

**Ескерту. 1-бапқа өзгеріс енгізілді – ҚР 01.04.2021 № 29-VII Заңымен.**

## 2-бап

Тараптар халықаралық міндеттемелерді және ұлттық заңнаманы сақтаған кезде осы Келісімнің негізінде автокөлік құралдарын жымқырумен байланысты қылмыстардың алдын алуда, анықтауда, жолын кесуде, ашуда және тергеп-тексеруде, іздестіруде және оларды қайтаруды қамтамасыз етуде ынтымақтасады.

### 3-бап

1. Тараптар ынтымақтастықты өздерінің құзыретті органдары арқылы жүзеге асырады.

2. Тараптардың әрқайсысы орталық құзыретті органды және осы Келісімнің ережелерін (шешілетін мәселелер шеңберін көрсете отырып) іске асыруға жауапты құзыретті органдарды айқындайды және ол туралы депозитарийді хабардар етеді.

3. Тараптардың әрқайсысы құзыретті органдары тізбесінің өзгеруі туралы депозитарийді жазбаша түрде хабардар етеді.

**Ескерту. 3-бапқа өзгеріс енгізілді – ҚР 01.04.2021 № 29-VII Заңымен.**

### 4-бап

1. Автокөлік құралдарын жымқыруды болғызбау, оларды іздестіруді және қайтаруды қамтамасыз ету мақсатында әрбір Тарап автокөлік құралдары туралы ақпараттық дерекқорды қалыптастыруды және қолдауды қамтамасыз етеді, ол::

а) тіркелген автокөлік құралдары, оның ішінде Тараптардың біреуінің аумағында пайдаланылатын немесе қолданылатын басқа мемлекеттің уақытша тіркелген автокөлік құралдары, олардың сәйкестендіру нөмірлері, тіркеу құжаттары және тіркеу белгілері туралы;

б) іздестірудегі автокөлік құралдары мен оларды ұстауға және оларға тыйым салуға берілген құжаттар туралы;

в) ұсталған және табылған автокөлік құралдары туралы;

г) жымқырылған және/немесе жоғалған тіркеу құжаттары, тіркеу белгілері, сондай-ақ автокөлік құралдарына меншік құқығын растайтын өзге де құжаттар туралы;

д) есептен шығарылған автокөлік құралдары туралы;

е) мемлекеттік шекараны кесіп өтетін автокөлік құралдары туралы;

ж) заңнамаға сәйкес мемлекеттік шекараны кесіп өту кезінде мәліметтері кеден органдарының ақпараттық дерекқорларына енгізілуі тиіс автокөлік құралдары туралы;

з) жол-көлік оқиғасы, өрт, дүлей зілзала және өзге де жағдаяттар немесе үшінші тұлғалардың әрекеттері салдарынан зақымданған, оның ішінде конструкциялық жарамсыз болып қалған автокөлік құралдары туралы мәліметтер болған кезде, оларды қамтиды.

2. Тараптардың әрқайсысы ақпараттық технологияларды пайдалана отырып, басқа Тараптардың құзыретті органдарының жоғарыда көрсетілген ақпараттық дерекқорлардағы мәліметтерді нақты уақыт режимінде алу, сондай-ақ басқа Тараптардың құзыретті органдарының сұрау салуы бойынша және бастамашылық тәртіппен автокөлік құралдарын жымқыруға қарсы күресте қызығушылық танытатын өзге де ақпаратты жедел беру мүмкіндігін қамтамасыз етеді.

Жоғарыда көрсетілген ақпараттық дерекқорлардан мәліметтер алу туралы сұрау салу мынадай мәліметтерді қамтуға тиіс:

1) сұрау салушы құзыретті органның және оған сұрау салу жіберілетін, сұрау салынатын құзыретті органның атауы;

2) Келісімнің тармағына сілтеме;

3) істің мәнін қысқаша баяндау;

4) ақпараттық дерекқорлардан сұрау салынатын мәліметтердің тізбесі.

Сұрау салу жазбаша түрде ресімделеді және оған сұрау салушы құзыретті органның бастығы (басшысы) немесе оның орынбасары қол қояды.

Сұрау салу оны алған күннен бастап бір айдан аспайтын мерзімде орындалады. Осы мерзімді қысқарту қажет болған кезде сұрау салу мәтінінде себептері және сұрау салуды орындаудың қажетті мерзімі көрсетіле отырып, тиісті ескертпе жасалады.

Егер:

1) сұрау салу осы тармақтың екінші абзацында көрсетілген нысанға сәйкес келмесе;

2) сұрау салуды орындау егемендікке, ұлттық қауіпсіздікке нұқсан келтіруі мүмкін болса, Тараптың заңнамасына немесе Тараптардың халықаралық шарттарына қайшы келсе;

3) сұрау салынатын құзыретті органға байланысты емес себептермен сұрау салудан орындауы объективті түрде мүмкін болмаса, сұрау салу бойынша ақпаратты беруден бас тартылуы мүмкін.

Сұрау салушы құзыретті орган сұрау салуды орындаудан бас тарту туралы, сондай-ақ бас тарту себептері туралы жазбаша нысанда дереу хабардар етіледі.

3. Жоғарыда көрсетілген ақпараттық дерекқорлардағы мәліметтерді алу және беру тәртібі жеке құжатпен айқындалады.

**Ескерту. 4-бапқа өзгеріс енгізілді – ҚР 01.04.2021 № 29-VII Заңымен.**

## **5-бап**

1. Жымқырылған автокөлік құралы Тараптардың бірінің аумағында табылған, ұсталған, алып қойылған немесе оған тыйым салынған жағдайда, осы Тараптың құзыретті органы осындай автокөлік құралы ұсталған немесе табылған күннен бастап жиырма күн ішінде бұл туралы қылмыстық іс өзінің іс жүргізуінде болатын басқа Тараптың құзыретті органын жазбаша түрде хабардар етеді. Тараптардың құзыретті органдары бұл туралы өздерінің орталық құзыретті органдарына хабарлайды.

2. Хабарламада, егер олар белгілі болса, атап айтқанда, осындай автокөлік құралы туралы мынадай мәліметтер:

а) автокөлік құралының маркасы, моделі, түсі, шығарылған жылы және типі;

б) сәйкестендіру нөмірі, шанақтың, шассидің және қозғалтқыштың нөмірі;

в) автокөлік құралының агрегаттары нөмірлерінің немесе түсінің өзгергені туралы ақпарат;

г) тіркеу белгісі, тіркеу құжатының сериясы мен нөмірі, оның берілген орны және күні;

д) автокөлік құралының тұрған жері, оның техникалық жай-күйі және жиынтығы туралы ақпарат;

е) автокөлік құралын ұстаған немесе тапқан органның атауы;

ж) автокөлік құралының сақталуын қамтамасыз ететін органның атауы, сондай-ақ автокөлік құралын қайтару мүмкіндігі туралы ақпаратты алу үшін жүгінуге болатын байланыс телефоны;

з) автокөлік құралының қылмыс жасауға байланысты пайдаланылғаны-пайдаланылмағаны туралы ақпарат;

и) автокөлік құралын қылмыс жасау үшін пайдаланған адамдар туралы ақпарат қамтылады.

## **6-бап**

Тараптың жымқырылған автокөлік құралын ұстаған немесе тапқан құзыретті органдары осы автокөлік құралының сақталуын қамтамасыз ету үшін тиісті шаралар қабылдайды және оны пайдалана алмайды немесе оған билік ете алмайды.

## **7-бап**

1. Тараптың осы Келісімнің 5-бабына сәйкес хабарлама алған орталық құзыретті органы сұрау салынатын Тараптың орталық құзыретті органына автокөлік құралын қайтару туралы сұрау салуды жібереді не автокөлік құралы иесінің оны қайтаруға мүдделі еместігі туралы жазбаша хабардар етеді.

2. Сұрау салу жазбаша нысанда жіберіледі және онда, атап айтқанда, мынадай мәліметтер:

а) автокөлік құралының маркасы, моделі, түсі, шығарылған жылы және типі;

б) автокөлік құралының сәйкестендіру нөмірі, шанағының, шассиінің және қозғалтқышының нөмірі;

в) тіркеу белгісі, тіркеу құжатының сериясы мен нөмірі, оның берілген орны және күні;

г) автокөлік құралының тіркелген меншік иесі;

д) қылмыстық істің нөмірі, ол өзінің іс жүргізуінде болатын орган туралы мәліметтер, қылмыстық істе талап қоюдың бар-жоғы қамтылады.

3. Сұрау салуға сұрау салушы Тараптың заңнамасына сәйкес куәландырылған автокөлік құралы оның атына ресімделген жеке немесе заңды тұлға көрсетіле отырып, оған меншік құқығын растайтын құжаттардың көшірмелері қоса беріледі.

4. Сұрау салушы Тараптың орталық құзыретті органының ресми бланкінде жазбаша нысанда жіберілген немесе расталған сұрау салуға осы органның басшысы немесе оның орынбасары қол қойып, елтаңбалы мөрімен куәландырылуға тиіс.

**Ескерту. 7-бапқа өзгеріс енгізілді – ҚР 01.04.2021 № 29-VII Заңымен.**

## **8-бап**

1. Сұрау салынатын Тараптың орталық құзыретті органы жымқырылған автокөлік құралын қайтару туралы сұрау салуды оны алғаннан кейін отыз күн ішінде қарайды және қарау нәтижесі туралы сұрау салушы Тараптың орталық құзыретті органына хабарлайды.

2. Сұрау салынатын Тараптың орталық құзыретті органы оны ұсыну үшін белгілі бір мерзімді, бірақ ол сұрау салу келіп түскен кезден бастап отыз күннен аспайтындай етіп белгілеп, қосымша ақпаратты талап ете алады.

3. Қосымша ақпарат алғаннан кейін сұрау салынатын Тараптың орталық құзыретті органы отыз күн ішінде сұрау салушы Тараптың орталық құзыретті органына сұрау салуды қараудың нәтижелері туралы хабарлайды.

4. Тараптардың жеке немесе заңды тұлғалары арасында жымқырылғандар қатарындағы автокөлік құралына меншік құқығы туралы дау туындаған кезде оның заңды иеленушісі туралы мәселені аумағында автокөлік құралы табылған немесе ұсталған Тараптың ұлттық заңнамасына сәйкес сот органдары шешеді.

**Ескерту. 8-бапқа өзгеріс енгізілді – ҚР 01.04.2021 № 29-VII Заңымен.**

## **9-бап**

1. Ұсталған немесе табылған автокөлік құралы сұрау салушы Тараптың өкіліне сұрау салушы Тараптың орталық құзыретті органы берген оның өкілеттіктерін растайтын құжатты көрсеткен кезде беріледі.

2. Осы Келісімнің 5-бабының 1-тармағында көзделген хабарламаны алған сәттен бастап бір жыл өткен соң талап етілмеген автокөлік құралы, сол сияқты меншік иесінің оны қайтаруға мүдделі еместігі туралы хабарлама келіп түскен автокөлік құралы өз аумағында табылған және тұрған Тараптың заңнамасына сәйкес осы Тараптың кірісіне алынуы мүмкін.

**Ескерту. 9-бапқа өзгеріс енгізілді – ҚР 01.04.2021 № 29-VII Заңымен.**

## **10-бап**

1. Егер сұрау салушы Тарап басқа Тараптан алынған мәліметтердің, мазмұнын жария етуді қолайсыз деп есептесе, Тараптардың әрқайсысы олардың құпиялылығын қамтамасыз етеді. Құпиялылық дәрежесін сұрау салушы Тарап айқындайды.

2. Осы Келісімнің шеңберінде алынған құпиялы мәліметтерді үшінші тарапқа беру қажет болған жағдайда, осы мәліметтерді берген Тараптың жазбаша келісімі талап етіледі.

## **11-бап**

1. Егер:

а) сұрау салынатын Тараптың сот шешімінің негізінде автокөлік құралы қайтару туралы сұрау салуда осы автокөлік құралының меншік иесі ретінде көрсетілмеген адамға немесе оның өкіліне берілсе;

**б) алып тасталды – ҚР 01.04.2021 № 29-VII Заңымен.**

**в) алып тасталды – ҚР 01.04.2021 № 29-VII Заңымен.**

г) жымқырылған автокөлік құралын қайтаруға кедергі келтіретін өзге де заңды негіздер болса, автокөлік құралын қайтару туралы сұрау салуды орындаудан бас тартылуы мүмкін.

2. Сұрау салуды орындаудан бас тарту туралы сұрау салушы Тараптың орталық құзыретті органы бас тартудың себептері көрсетіле отырып, жазбаша түрде дереу хабардар етіледі.

**Ескерту. 11-бапқа өзгеріс енгізілді – ҚР 01.04.2021 № 29-VII Заңымен.**

## **12-бап**

1. Егер:

а) өзіне қатысты сұрау салу келіп түскен автокөлік құралы әкімшілік іс жүргізуге, қылмыстық тергеп-тексеруге немесе сот талқылауына байланысты ұсталса;

б) өзіне қатысты қайтару туралы сұрау салу келіп түскен автокөлік құралына меншік құқығы, оны ұстау немесе оған тыйым салу туралы мәселе осы іс бойынша сот шешімі заңды күшіне енгенге дейін сұрау салынатын Тарапта берілген сот талап қоюының нысанасы болып табылса, автокөлік құралын қайтару туралы сұрау салуды орындау кейінге қалдырылуы мүмкін.

2. Сұрау салынатын Тараптың орталық құзыретті органы сұрау салушы Тараптың орталық құзыретті органына осы баптың 1-тармағының негізінде автокөлік құралын қайтару туралы мәселені шешудің кейінге қалдырылғаны туралы дереу хабарлайды.

## **13-бап**

1. Осы Келісімге сәйкес қайтарылатын автокөлік құралдарына Тараптың орталық құзыретті органы берген және автокөлік құралының осы Келісімнің шеңберінде қайтарылып отырған растайтын құжат ұсынылған кезде автокөлік құралын Тараптардың шекарасы арқылы алып өтуге байланысты кедендік баждар, салықтар, акциздер, алымдар және өзге де төлемдер салынбайды.

2. Автокөлік құралын ұстауға және сұрау салушы Тараптың құзыретті органына берген кезге дейін оны сақтауға байланысты шығыстарды сұрау салынатын Тарап көтереді.

3. Автокөлік құралын сұрау салушы Тараптың аумағына қайтару жөніндегі шығыстарды сұрау салушы Тараптың құзыретті органы көтереді.

4. Автокөлік құралын қайтаруға байланысты келтірілген шығыстар Тараптардың ұлттық заңнамасына сәйкес өтелуге жатады.

#### **14-бап**

Іздестіруге бастамашы болған Тараптың құзыретті органының шешімі бойынша Тараптар жымқырылған автокөлік құралын іздестіруді тоқтатады.

#### **15-бап**

Осы Келісімнің ережелерін түсіндіру және қолдану кезінде туындайтын даулы мәселелер Тараптар арасындағы консультациялар және келіссөздер арқылы шешіледі.

#### **16-бап**

Тараптардың құзыретті органдары осы Келісімнің 13-бабында көрсетілгендерден басқа, осы Келісімді орындау барысында туындайтын шығыстарды дербес көтереді. Әрбір нақты жағдайда Тараптардың құзыретті органдары осы шығыстарды қаржыландырудың өзге де тәртібін келісе алады.

#### **17-бап**

Тараптар ынтымақтастықты жүзеге асыру кезінде жұмыс тілі ретінде орыс тілін пайдаланады.

#### **18-бап**

Осы Келісімнің ережелері Тараптардың өздері қатысушылары болып табылатын басқа халықаралық шарттардан туындайтын құқықтары мен міндеттемелерін қозғамайды.

#### **19-бап**

Осы Келісім Тараптардың оның күшіне енуі үшін қажетті мемлекетішілік рәсімдерді орындағаны туралы үшінші хабарламаны депозитарий алған күннен бастап күшіне енеді. Осындай рәсімдерді кешірек орындаған Тараптар үшін ол тиісті хабарламаларды депозитарий алған күннен бастап күшіне енеді.

#### **20-бап**



Осы Келісімге оның ажырамас бөлігі болып табылатын және осы Келісімнің 19-бабында көзделген тәртіппен күшіне енетін жекелеген хаттамамен ресімделетін өзгерістер мен толықтырулар енгізілуі мүмкін.

## 21-бап

Осы Келісім оның ережелерін қуаттайтын басқа мемлекеттердің қосылуы туралы құжаттарды депозитарийге беруі арқылы осындай қосылу үшін ашық болады. Қосылатын мемлекет үшін осы Келісім қосылу туралы құжатты депозитарийге сақтауға тапсырған күннен бастап күшіне енеді.

## 22-бап

Тараптардың әрқайсысы шығу күніне дейін кемінде алты ай бұрын депозитарийге бұл туралы жазбаша хабарлама жіберіп, осы Келісімнен шыға алады.

## 23-бап

Осы Келісім күшіне енген күнінен бастап бес жыл бойы қолданыста болады. Бұл мерзім өткеннен кейін осы Келісімнің қолданылуы, егер Тараптар өзге шешім қабылдаса, әр жолы бесжылдық кезеңге автоматты түрде ұзартылып отырады.

2005 жылғы 25 қарашада Мәскеу қаласында орыс тілінде бір төлнұсқа данада жасалды. Төлнұсқа дана Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығының Атқарушы комитетінде сақталады, ол оның куәландырылған көшірмесін осы Келісімге қол қойған әрбір мемлекетке жіберіледі.

Әзербайжан Республикасының Үкіметі үшін	Молдова Республикасының Үкіметі үшін
Армения Республикасының Үкіметі үшін	Ресей Федерациясының Үкіметі үшін
Беларусь Республикасының Үкіметі үшін	Тәжікстан Республикасының Үкіметі үшін
Грузия Үкіметі үшін	Түрікменстан Үкіметі үшін
Қазақстан Республикасының Үкіметі үшін	Өзбекстан Республикасының Үкіметі үшін
Қырғыз Республикасының Үкіметі үшін	Украина Үкіметі үшін

**Үкімет басшылары кеңесінің "Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекеттердің автокөлік құралдарын жымқыруға қарсы күрестегі және оларды қайтаруды қамтамасыз етудегі ынтымақтастығы туралы" 2005 жылғы 25 қарашадағы шешіміне**  
**Әзербайжан Республикасының**  
**ЕСКЕРТПЕСІ**

Осы Келісімнің ережелері Әзербайжан Республикасы мен Армения Республикасының арасында Армения Республикасы Әзербайжан Республикасының басып алған аумақтарын босатқанға дейін қолданылмайды.

*Әзербайжан Республикасы*  
*Премьер-Министрінің*

*А. Аббасов*

**ТМД Үкімет басшылары кеңесі отырысы күн тәртібінің 8.14-тармағы бойынша Молдова Республикасының ЕСКЕРТПЕСІ**

**2005 жылғы 25 қараша**

**Мәскеу қаласы**

**"Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекеттердің автокөлік құралдарын жымқыруға қарсы күрестегі және оларды қайтаруды қамтамасыз етудегі ынтымақтастығы туралы"**

"Ынтымақтастық Молдова Республикасының осы саладағы ұлттық заңнамасына және халықаралық міндеттемелеріне сәйкес жүзеге асырылатын болады".

*Премьер-Министрдің  
бірінші орынбасары*

*Зинаида ГРЕЧАНЬИЙ*

Осы хатпен, қоса беріліп отырған мәтін 2005 жылғы 25 қарашада Мәскеу қаласында өткен Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы Үкімет басшылары кеңесінің отырысында қабылданған Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекеттердің автокөлік құралдарын жымқыруға қарсы күрестегі және оларды қайтаруды қамтамасыз етудегі ынтымақтастығы туралы келісімнің теңтүпнұсқалы көшірмесі болып табылатынын куәландырамын. Жоғарыда аталған Келісімнің төлнұсқа данасы Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығының Атқарушы комитетінде сақталады.

*Атқарушы комитеттің  
Төрағасы-*

*ТМД-ның Атқарушы хатшысы*

*В. Рушайло*